



«Standard Life» ӨСК» АҚ
Басқармасының шешімімен
мақұлданды
(30.04.2024 жылғы № 17
мәжіліс хаттамасы)

«Standard Life» ӨСК» АҚ
Директорлар кеңесінің шешімімен
бекітілді
(02.05.2024 жылғы №08
мәжіліс хаттамасы)

Қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру ЕРЕЖЕЛЕРІ

МАЗМҰНЫ

1-ТАРАУ. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР	3
2-ТАРАУ. ОСЫ ЕРЕЖЕЛЕРДЕ ҚОЛДАНЫЛАТЫН НЕГІЗГІ ҰҒЫМДАР	3
3-ТАРАУ. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ЖАСАСУ ТӘРТІБІ ЖӘНЕ ТОҚТАТУ ЕРЕЖЕЛЕРІ.....	5
4-ТАРАУ. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ.....	6
5-ТАРАУ. САҚТАНДЫРУ СОМАСЫ. САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫН ТӨЛЕУ МӨЛШЕРІ, МЕРЗІМІ ЖӘНЕ ТӘРТІБІ	6
6-ТАРАУ. ТҮЗЕТУ КОЭФФИЦИЕНТІН ҚОЛДАНУ ТӘРТІБІ	7
7-ТАРАУ. ШАРТТЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ КЕЗЕҢІНДЕ САҚТАНДЫРУ ТӘУЕКЕЛІНІҢ ҰЛҒАЮ САЛДАРЫ.....	8
8-ТАРАУ. ҚЫЗМЕТКЕРДІ ЕҢБЕККЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІНЕН АЙЫРЫЛУ ДӘРЕЖЕСІН АЙҚЫНДАУҒА КУӘЛАНДЫРУ ТӘРТІБІ	8
9-ТАРАУ. ЗИЯН КЕЛТІРУГЕ БАЙЛАНЫСТЫ САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМДЕРІНІҢ МӨЛШЕРІ, МЕРЗІМДЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТӘРТІБІ	8
10-ТАРАУ. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ЕРЕЖЕЛЕРІ	11
11-ТАРАУ. АННУИТЕТ ШАРТЫН ЖАСАСУ	13
12-ТАРАУ. ЗЕЙНЕТАЛДЫ АННУИТЕТ ШАРТЫН ЖАСАСУ. ЗЕЙНЕТАЛДЫ АННУИТЕТ ШАРТЫ БОЙЫНША САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ	13
13-ТАРАУ. САҚТАНДЫРУШЫНЫ САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДАН БОСАТУ НЕГІЗДЕРІ.....	14
14-ТАРАУ. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ЖАРАМСЫЗДЫҒЫ.....	15
15-ТАРАУ. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ.....	15
16-ТАРАУ. ДАУЛАРДЫ РЕТТЕУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	18
17-ТАРАУ. ҚОСЫМША ЕРЕЖЕЛЕР	19

1-ТАРАУ. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Осы қызметкерді еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру ережелері (бұдан әрі – Ережелер) қызметкерді еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыруды жүзеге асыру тәртібі мен шарттарын (бұдан әрі – қызметкерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру) және сақтандыру шарттарын жасасу тәртібін айқындайды.
2. Осы Ережелер мемлекеттік мекемелердің қызметкерлерін еңбек (қызметтік) міндеттерін атқару кезінде жазатайым оқиғалардан сақтандыруды реттемейді.
3. Осы Ережелерге сәйкес «Standard Life» ӨСК» АҚ (бұдан әрі – Сақтандырушы) сақтанушылармен қызметкерді еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғадан міндетті сақтандыру шарттарын (бұдан әрі – Сақтандыру шарты/Шарт) жасасады.
4. Қызметкерді еңбек (қызметтік) міндеттерін атқару кезінде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру объектісі өзіне кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айырылу не оның қайтыс болу дәрежесін белгілеуге әкеп соққан жазатайым оқиға нәтижесінде өмірі мен денсаулығына зиян келтірілген қызметкердің мүліктік мүддесі, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің 195-1-бабының 1-тармағында көзделген жағдайлардың туындауы болып табылады.
5. Қызметкерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру субъектілері: сақтанушы, сақтандырушы және пайда алушы болып табылады.
6. Қызметкерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандырудың мақсаты сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру арқылы еңбек (қызметтік) міндеттерін атқару кезінде өмірі мен денсаулығына зиян келтірілген қызметкерлердің мүліктік мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету болып табылады.

2-ТАРАУ. ОСЫ ЕРЕЖЕЛЕРДЕ ҚОЛДАНЫЛАТЫН НЕГІЗГІ ҰҒЫМДАР

7. Осы Ережелерде келесі негізгі ұғымдар пайдаланылады:
 - 1) **аннуитеттік сақтандыру шарты (бұдан әрі – аннуитет шарты)** – сақтандырушы шартта белгіленген мерзім ішінде пайда алушының пайдасына мерзімді төлемдер түрінде сақтандыру төлемін жүзеге асыруға міндетті сақтандыру шарты;
 - 2) **зейнеталды аннуитеттік сақтандыру шарты (бұдан әрі – зейнеталды аннуитет шарты)** – Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің 195-1-бабының 1-тармағында көзделген жағдайлар туындаған кезде зиянды еңбек жағдайлары бар жұмыстарда жұмыс істейтін қызметкердің пайдасына жасалатын сақтандыру шарты, ол бойынша сақтандырушы сақтандыру төлемін алушының пайдасына ай сайын сақтандыру төлемін жүзеге асыруға міндетті;
 - 3) **зейнеталды аннуитет шарты бойынша сақтандыру төлемі** – Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің 195-1-бабының 1-тармағында көзделген жағдайлар туындаған кезде зиянды еңбек жағдайлары бар жұмыстарда істейтін қызметкерлерге арналған сақтандыру төлемі;
 - 4) **еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган (бұдан әрі – уәкілетті орган)** – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес еңбек қатынастары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы;

- 5) **кәсіптік еңбекке қабілеттілік** – қызметкердің белгілі бір біліктіліктегі, көлемдегі және сападағы жұмысты орындауға қабілеттілігі;
- 6) **кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесі** – қызметкердің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалатын еңбек (қызметтік) міндеттерін орындау қабілетінің төмендеу деңгейі;
- 7) **кәсіптік тәуекел сыныбы** – экономикалық қызмет түрлері бойынша қалыптасқан өндірістік жарақаттану және кәсіптік сырқаттанушылық деңгейі;
- 8) **қызметкерді жазатайым оқиғалардан сақтандыру** – еңбек (қызметтік) міндеттерін атқару кезінде өмірі мен денсаулығына зиян келтірілген қызметкердің мүлдіктерін қорғау жөніндегі қатынастар кешені;
- 9) **пайда алушы** – осы Ережелерге сәйкес сақтандыру төлемін алушы тұлға;
- 10) **сақтандыру жағдайы** – зиянды және (немесе) қауіпті өндірістік фактордың әсерінен қызметкермен (қызметкерлермен) еңбек (қызметтік) міндеттерін атқару кезінде болған еңбек (қызметтік) міндеттерін атқару кезінде болған, соның салдарынан өндірістік жарақат, денсаулығының кенеттен нашарлауы немесе улануы орын алған, Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 186-бабында көзделген мән-жайларда кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айырылу, кәсіптік ауруға шалдығу не қайтыс болу дәрежесін белгілеуге әкелген, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің 195-1-бабының 1-тармағында көзделген жағдайларда туындаған жазатайым оқиға (бұдан әрі – жазатайым оқиға);
- 11) **сақтандыру сомасы** – сақтандыру объектісі сақтандырылған және сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандырушының жауапкершілігінің шекті көлемін білдіретін ақша сомасы;
- 12) **сақтандыру сыйлықақысы** – сақтанушы сақтандырушыға қызметкерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру шартында айқындалған мөлшерде пайда алушыға сақтандыру төлемін жүргізу міндеттемесін қабылдағаны үшін төлеуге міндетті ақша сомасы;
- 13) **сақтандыру төлемі** – сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандырушы пайда алушыға сақтандыру сомасы шегінде төлейтін ақша сомасы;
- 14) **сақтандырушы** – Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының аумағында аннуитеттік сақтандыру және міндетті сақтандыру сыныбы бойынша «өмірді сақтандыру» саласында сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензия алған заңды тұлға;
- 15) **сақтанушы** – қызметкерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру шартын жасасқан жұмыс беруші;
- 16) **Заң** - «Қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының заңы;
- 17) **сақтандыру омбудсманы** – өз қызметінде «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес сақтандыру нарығына қатысушылар арасындағы келіспеушіліктерді реттеуді жүзеге асыратын тәуелсіз жеке тұлға;
- 18) **алдын алу шаралары** – қауіпсіз еңбек жағдайларын жасауға және жақсартуға бағытталған алдын алу сипатындағы шаралар;
- 19) **«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация)** – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету, өтініштерді қабылдау және олардың нәтижелерін көрсетілетін қызметті алушыға «бір терезе» қағидаты бойынша беру жөніндегі жұмысты

- ұйымдастыру, электрондық нысанда мемлекеттік қызметтер көрсетуді қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған заңды тұлға;
- 20) **деректер базасын қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйым** – дауыс беретін акцияларының жүз пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі акционерлік қоғамның ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған, «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес сақтандыру жөніндегі бірыңғай дерекқорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын коммерциялық емес ұйым.

3-ТАРАУ. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ЖАСАСУ ТӘРТІБІ ЖӘНЕ ТОҚТАТУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

8. Қызметкерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру осы Ережелерге, қолданыстағы заңнамаға және Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексіне сәйкес еңбек (қызметтік) міндеттерін атқару кезінде өмірі мен денсаулығына зиян келтірілуі мүмкін қызметкердің пайдасына сақтанушы мен сақтандырушы арасында жазбаша нысанда сақтандыру шартын жасасу жолымен жүзеге асырылады. Сақтандыру шартының жазбаша нысанын сақтамау оның жарамсыздығына әкеп соғады. Сақтанушының өтініші сақтандыру шартын жасасу үшін негіз болып табылады, ол болашақта шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.
9. Сақтандыру шартын тараптар электрондық нысанда, оның ішінде Сақтандырушының интернет-ресурсындағы клиенттің жеке кабинеті арқылы жасай алады.
10. Сақтандыру шартында көрсетілуі тиіс талаптардың толық еместігі үшін Сақтандырушы жауапты болады. Сақтандыру шартының жекелеген шарттарының толық болмауына байланысты дау туындаған жағдайда, дау Сақтанушының пайдасына шешіледі.
11. Сақтандыру шарты жоғалған жағдайда Сақтандырушы Сақтанушының жазбаша өтініші негізінде оған сақтандыру шартының телнұсқасын беруге міндетті. Сақтандыру шартының телнұсқасын дайындауға арналған шығыстарды Сақтанушы өтейді, бұл ретте өтелетін шығыстардың жалпы сомасы өтініш берілген күнге тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген 0,1 айлық есептік көрсеткіштен аспауы тиіс.
12. Егер сақтандыру шарты Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделгенмен салыстырғанда сақтанушының немесе пайда алушының жағдайын нашарлататын шарттармен жасалған болса, онда сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандырушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шарттарда сақтанушы мен пайда алушы алдында міндеттеме алады.
13. Сақтандыру шарты келесі жағдайларда:
- 1) шарттың қолданылу мерзімі аяқталғанда;
 - 2) шарт мерзімінен бұрын тоқтатылғанда;
 - 3) Сақтандырушы сақтандыру шартында белгіленген жалпы сақтандыру сомасы мөлшерінде сақтандыру төлемін (сақтандыру төлемдерін) жүзеге асырғанда;
 - 4) Қазақстан Республикасының заңнамасында және/немесе сақтандыру шартында көзделген өзге де жағдайларда өз қолданысын тоқтатады.
14. Сақтандыру шартының тоқтатылуы Сақтандырушыны сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде орын алған сақтандыру жағдайлары деп кейіннен танылған жазатайым оқиғалар бойынша пайда алушыға сақтандыру төлемін жүзеге асыру жөніндегі міндеттен босатпайды. Қызметкер қайтыс болғанда немесе оған кәсіптік ауруды анықтау нәтижесінде кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесі белгіленген жағдайда, сақтандыру төлемін кәсіптік ауру анықталған кезеңде сақтандыру шартын жасасқан сақтандырушы жүзеге асырады.

15. Бұл ретте жазатайым оқиға күні:

- 1) қызметкер қайтыс болған немесе еңбек жарақатының салдарынан кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесі белгіленген кезде – жазатайым оқиға туралы актіде көрсетілген жазатайым оқиға күні;
- 2) қызметкерге кәсіптік ауруды анықтау нәтижесінде кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесі белгіленген кезде – кәсіптік патология және сараптама саласында мамандандырылған медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымының қорытынды берген күні.

4-ТАРАУ. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ

16. Сақтандыру шарты Шартта белгіленген күннен бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болады.
17. Сақтандыру шарты осы Ережелердің 18-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, ол күшіне енген күннен бастап он екі ай мерзімге жасалады. Сақтандыру шарты сақтандырудың барлық мерзімі ішінде қолданылады және бірінші туындаған сақтандыру жағдайы бойынша өзінің қолданылуын тоқтатпайды.
18. Сақтанушының қызметі он екі айдан кем мерзімге жүзеге асырылған кезде сақтандыру шарты осы қызметті жүзеге асыру мерзіміне жасалады.
19. Қызметкердің өзінің еңбек (қызметтік) міндеттерін орындау аумағы сақтандыру аумағы болып табылады.

5-ТАРАУ. САҚТАНДЫРУ СОМАСЫ. САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫН ТӨЛЕУ МӨЛШЕРІ, МЕРЗІМІ ЖӘНЕ ТӘРТІБІ

20. Сақтандыру сомасы сақтандыру шартымен айқындалады, бірақ оның көлемі сақтандыру шартын жасасу кезіндегі барлық қызметкерлердің жылдық еңбекақы қорынан кем болмауы тиіс.
21. Сақтандыру сомасы осы Ережелердің 9-тарауында көзделген сақтандыру төлемінің (сақтандыру төлемдерінің) және (немесе) жерлеуге арналған шығыстардың, алдын алу және оңалту шараларын жүргізуге арналған шығындардың сомасына азаяды.
22. Қызметкерді жазатайым оқиғалардан сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысы тараптардың келісімімен осы тараудың 26-тармағында белгіленген сақтандыру тарифін сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сомасына көбейту арқылы айқындалады.
23. Егер сақтандыру шартының қолданылу мерзімі ішінде төлем қоры және (немесе) қызметкерлердің штат саны өзгерсе, онда шарт (сақтандыру сомасы мен сақтандыру сыйлықақысының мөлшері бөлігінде) сақтандыру шартының (негізгі шарттың) қолданылу кезеңіне қосымша келісім жасасу жолымен өзгертілуі тиіс. Сақтандыру сыйлықақысы еңбекақы төлеу қорының өзгеру сомасы және сақтандыру шарты (негізгі шарт) аяқталғанға дейін қалған мерзім негізге алына отырып есептеледі. Сақтандыру тарифі сақтандыру шарты (негізгі шарт) жасалған тарифтен қалған сақтандыру кезеңіне барабар есептеледі.
24. Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысын есептеу үшін заңда көзделген, кәсіптік тәуекел сыныбына байланысты экономикалық қызмет түрлері бойынша сараланған сақтандыру тарифтері пайдаланылады.
25. Егер Ережелердің осы тарауының 22-24-тармақтарына сәйкес есептелген сақтандыру сыйлықақысының мөлшері тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген ең төменгі жалақы мөлшерінен аз болған жағдайда, онда сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысының мөлшері ең төменгі жалақы мөлшерін құрайды. Бұл

- ретте сақтандыру сомасы сақтандыру сыйлықақысының мөлшерінің ұлғаюына пропорционалды түрде ұлғаяды.
26. Экономикалық қызмет түрлерін кәсіптік тәуекел сыныптарына жатқызу қағидаларын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді. Сақтанушы экономикалық қызметтің бірнеше түрін жүзеге асырған жағдайда, ол өзінің қызметінің негізгі түріне сәйкес келетін кәсіптік тәуекел сыныбына жатқызылуы тиіс. Сақтанушы өндірістің жалпы көлемінде біркелкі бөлінген экономикалық қызметтің бірнеше түрін жүзеге асырған жағдайда, ол кәсіптік тәуекелдің неғұрлым жоғары сыныбы сәйкес келетін экономикалық қызмет түріне жатқызылуы тиіс.
27. Сақтанушының сақтанушыдан өзгеше қызметті жүзеге асыратын филиалы (филиалдары) болған жағдайда, ол өзінің кәсіптік тәуекел сыныбы сәйкес келетін экономикалық қызмет түріне жатқызылуға тиіс.
Бұл ретте филиалдың (филиалдардың) өзі (өздері) жүзеге асыратын экономикалық қызмет түрі туралы растамасы болуы тиіс.
28. Сақтандыру сыйлықақысын төлеуді сақтанушы сақтандыру шартында көзделген тәртіппен және мерзімдерде бір рет немесе бөліп төлеп жүргізеді.
Егер сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, онда кезекті сақтандыру жарнасын уақтылы төлемегені үшін сақтанушы сақтандырушыға Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде белгіленген тәртіппен және мөлшерде тұрақсыздық айыбын төлеуге міндетті.
29. Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі ішінде қызметкердің кәсіптік тәуекел сыныбы өзгерген жағдайда сақтандыру сыйлықақысы сақтандыру шартының қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін қалған мерзімге барабар қайта есептелуге жатады.

6-ТАРАУ. ТҮЗЕТУ КОЭФФИЦИЕНТІН ҚОЛДАНУ ТӘРТІБІ

30. Егер сақтандыру жағдайы (сақтандыру жағдайлары) сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде сақтанушының кінәсінен болған (болған) жағдайларда, онда осы Ережелердің 5-тарауының 22-24-тармақтарына сәйкес есептелген сақтандыру сыйлықақысы түзету коэффициентіне көбейтіледі.
31. Түзету коэффициенті сақтандыру шартын жасасу күнінің алдындағы соңғы үш жыл ішінде зардап шеккен қызметкерлердің орташа жылдық санының және сақтандыру шартын жасасу күніне сақтанушы қызметкерлерінің тиісті жалпы санының негізінде айқындалады.
Сақтандыру шарты жасалған күннің алдындағы соңғы үш жыл ішінде сақтандыру жағдайлары болмаған жағдайда, сақтандырушы Ережелердің 5-тарауына сәйкес айқындалған қызметкерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін 10 пайыздан аспайтын мөлшерге төмендетуге құқылы.
32. Егер сақтанушының сақтанушыдан өзгеше қызметті жүзеге асыратын филиалы (филиалдары) болса, онда түзету коэффициенті барлық зардап шеккен қызметкерлердің орташа жылдық санын және жұмыс беруші мен оның филиалы (филиалдары) қызметкерлерінің жалпы санын ескере отырып есептеледі.
33. Зардап шеккен қызметкерлердің санын есептеу үшін қызметкердің кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айрылу дәрежесін 30-дан 100 пайызға дейін белгілеуге не оның қайтыс болуына әкеп соққан жазатайым оқиғалардың саны ескеріледі.
34. Түзету коэффициентін қолдану қағидалары Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік-құқықтық актісімен және Сақтандырушының ішкі құжатымен айқындалады.

7-ТАРАУ. ШАРТТЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ КЕЗЕҢІНДЕ САҚТАНДЫРУ ТӘУЕКЕЛІНІҢ ҰЛҒАЮ САЛДАРЫ

35. Сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде сақтанушы сақтандырушыға сақтандыру шартын жасасу кезінде хабарланған мән-жайлар бойынша өзіне белгілі болған елеулі өзгерістер туралы, егер бұл өзгерістер сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына елеулі әсер етуі мүмкін болса, сақтандырушыға дереу жазбаша хабарлауға міндетті.
36. Маңызды деп, кез-келген жағдайда, келесі өзгерістер мен жағдайлар танылады:
 - 1) қызметкердің кәсіптік тәуекел сыныбы Шарттың қолданылу мерзімі ішінде өзгеруі;
 - 2) сақтандыру шартын жасасу кезінде сақтанушының өтінішінде көрсетілген, сондай-ақ сақтандыру шартында көрсетілген шарттар мен мән-жайлардың өзгеруі.
37. Егер мұндай өзгерістер орын алған жағдайда, өзгерістер басталған сәттен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде сақтандырушыға жазбаша нысанда тиісті хабарлама (өтініш) жіберу қажет.
38. Сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына әкеп соғатын мән-жайлар туралы хабардар етілген сақтандырушы жылдық қор ұлғайған/азайған, кәсіптік тәуекел сыныбы өзгерген кезде сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігін қосымша төлеу/қайтару жолымен сақтандыру шартының талаптарын өзгертуді талап етуге құқылы.
39. Егер сақтанушы сақтандыру шартының талаптарын өзгертуге немесе сақтандыру сыйлықақысын қосымша төлеуге қарсылық білдірсе, сақтандырушы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сақтандыру шартын бұзуға құқылы.

8-ТАРАУ. ҚЫЗМЕТКЕРДІ ЕҢБЕККЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІНЕН АЙЫРЫЛУ ДӘРЕЖЕСІН АЙҚЫНДАУҒА КУӘЛАНДЫРУ ТӘРТІБІ

40. Қызметкердің (қызметкерлердің) еңбекке қабілеттілігінен бір күннен артық айырылуына әкеп соққан әрбір жазатайым оқиға медициналық қорытындыға сәйкес Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жазатайым оқиға туралы актімен ресімделеді.
41. Қызметкерді еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесін айқындауға куәландыруды уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі сақтанушының, сақтандырушының не қызметкердің өтініші бойынша немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот шешімі бойынша жүргізеді. Денсаулық сақтау ұйымының қорытындысы және жазатайым оқиға туралы акт куәландыру үшін негіз болып табылады.
42. Қызметкерді жазатайым оқиға немесе кәсіптік ауру салдарынан еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесін айқындауға куәландыру, сондай-ақ көмек пен күтімнің қосымша түрлеріне мұқтаждықты айқындау Қазақстан Республикасының мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы заңнамасына сәйкес медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу арқылы жүзеге асырылады.
43. Кәсіптік аурулардың тізбесін денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекітеді.

9-ТАРАУ. ЗИЯН КЕЛТІРУГЕ БАЙЛАНЫСТЫ САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМДЕРІНІҢ МӨЛШЕРІ, МЕРЗІМДЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТӘРТІБІ

44. Қызметкердің өмірі мен денсаулығына келтірілген зиян қызметкердің уақытша еңбекке жарамсыздығына байланысты зиянды қоспағанда, оның қайтыс болуына немесе оның кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесін белгілеуге байланысты зиянның материалдық көрінісін қамтиды. Қызметкердің өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянның мөлшері осы Ережелерге және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес ұсынылған құжаттар негізінде айқындалады.

45. Қызметкердің қайтыс болуына немесе оған кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесін белгілеуге байланысты жалақысынан (табысынан) айырылуға байланысты зиянның мөлшері Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің талаптарына сәйкес айқындалады.
46. Қызметкердің кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесін бес пайыздан жиырма тоғыз пайызды қоса алғанға дейін белгілеуге байланысты жалақысынан (табысынан) айырылуына байланысты зиянды өтеуді сақтанушы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жүзеге асырады.
Қызметкердің кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесін отыздан жүз пайызды қоса алғанға дейін белгілеуге байланысты жалақысынан (табысынан) айырылуына байланысты зиянды өтеу ретінде қызметкерге тиесілі ай сайынғы сақтандыру төлемін сақтандырушы жүзеге асырады.
47. Жоғалған жалақыны (табысты) өтеуге жататын есептеу үшін ескерілетін орташа айлық жалақының (табыстың) мөлшері қызметкерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру шартын жасасу күніне арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген ең төменгі жалақының он еселенген мөлшерінен аспайды.
48. Сақтандыру төлемінің мөлшері Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан еңбекке қабілеттілігінен айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлемді шегере отырып жүзеге асырылады.
49. Қызметкердің кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесін бір жылдан кем мерзімге белгілеуге әкеп соққан сақтандыру шарты бойынша сақтандыру жағдайы басталған кезде қызметкердің жалақысынан (табысынан) айырылуына байланысты зиянды өтеу ретінде тиесілі сақтандыру төлемін сақтандырушы ай сайын аннуитет шарты негізінде Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес айқындалатын мөлшерде жүзеге асырады, бұл ретте бірінші төлем осы Ережелердің 10-тарауында көзделген құжаттарды ұсынған сәттен бастап жеті жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.
50. Қызметкердің кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесін бір жыл немесе одан да көп мерзімге белгілеуге әкеп соққан сақтандыру шарты бойынша сақтандыру жағдайы басталған кезде қызметкердің жалақысынан (табысынан) айырылуына байланысты зиянды өтеу ретінде тиесілі сақтандыру төлемі сақтанушы сақтандырушымен жасасқан аннуитет шартына сәйкес қызметкердің кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесін белгілеу не ұзарту (қайта куәландыру) мерзіміне тең мерзім ішінде жұмыскердің пайдасына аннуитеттік төлемдер түрінде жүзеге асырылады, бірақ қызметкердің Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңнамасында белгіленген зейнеткерлік жасқа толу мерзімінен аспайды.
51. Сақтандырушы жалақысын (табысын) жоғалтуға байланысты зиянды өтеу ретінде жүзеге асыратын сақтандыру төлемдерінен Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына міндетті зейнетақы жарналары ұсталады және аударылады.
52. Жазатайым оқиға басталған кезде, сондай-ақ болған жазатайым оқиға салдарынан оның денсаулығының нашарлауы себебінен қызметкердің қайтыс болуына байланысты зиянды өтеу жөніндегі сақтандыру төлемі Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде белгіленген мерзім ішінде адамдардың пайдасына аннуитеттік төлемдер түрінде жүзеге асырылады.
53. Заңда көзделген жағдайларда пайда алушы болып табылатын өзге тұлғалар сақтандыру төлемін алуға құқылы.

54. Аннуитет шарты бойынша аннуитеттік төлемдерді есептеу тәртібі қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалады.
55. Ережелердің 59-тармағына сәйкес бір шипажайлық-курорттық емделуге ақы төлеуге арналған шығыстарды қоспағанда, қызметкердің кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айрылу дәрежесі белгіленген жағдайда оның денсаулығының зақымдануынан туындаған қосымша шығыстарды өтеуді сақтандырушы қызметкер не осы шығыстарды шеккен адам ұсынған осы шығыстарды растайтын құжаттар негізінде жүзеге асырады. Бұл ретте сақтанушы денсаулық сақтау саласындағы заңнамаға сәйкес тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлеміне кіретін шығыстарды өтемейді.
56. Сақтандырушы өтейтін кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесі белгіленген жағдайда қызметкердің денсаулығына зиян келтіруден туындаған шығыстардың жиынтық мөлшері келесі мөлшерден аспауы тиіс (республикалық бюджет туралы заңда белгіленген тиісті қаржы жылына арналған айлық есептік көрсеткіш бойынша):
 - 1) кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айрылу дәрежесі 30-дан 59 пайызды қоса алғанда белгіленген кезде – 500;
 - 2) кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айрылу дәрежесі 60-тан 89 пайызды қоса алғанда белгіленген кезде – 750;
 - 3) кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесі 90-нан 100 пайызды қоса алғанда белгіленген кезде – 1 000.
57. Денсаулықтың зақымдануынан туындаған қосымша шығыстарды өтеу жөніндегі сақтандыру төлемін сақтандырушы Ережелердің осы тарауында белгіленген мөлшерлер шегінде қызметкер не осы шығыстарды шеккен адам осы шығыстарды растайтын құжаттарды ұсынған кезден бастап жеті жұмыс күні ішінде жүргізеді.
58. Денсаулықтың зақымдануынан туындаған қосымша шығыстарды өтеу жөніндегі жиынтық сақтандыру төлемдерін сақтандырушы Ережелердің осы тарауында айқындалған мөлшерлер шегінде кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айырылудың тиісті бастапқы белгіленген дәрежесі бойынша жүзеге асырады.
59. Кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айырылудың бастапқы белгіленген дәрежесінен кейін зардап шеккен қызметкер зардап шеккен қызметкерді оңалтудың жеке бағдарламасына қарамастан, бір шипажайлық-курорттық емделуге жұмсалған шығыстардың ақысын алуға құқылы.
Келтірілген шығыстарды өтеу осы шығыстарды растайтын құжаттар негізінде республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің жүз еселенген мөлшеріне дейін жүзеге асырылады.
60. Кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесі отыздан жүз пайызға дейін қоса алғанда 2015 жылғы 10 мамырға дейін бастапқы белгіленген және 2015 жылғы 10 мамырдан 2024 жылғы 1 қаңтарға дейінгі кезеңде куәландыру мерзімінсіз ұзартылған (қайта куәландырылған) қызметкерлер кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айрылу дәрежесін ұзарту (қайта куәландыру) мерзіміне тең мерзім ішінде сақтандыру төлемдерін алуға құқылы.
Осы тармақта көрсетілген сақтандыру төлемдері Ережелердің 67-тармағында көзделген құжаттарды ұсына отырып, сақтанушы (пайда алушы) жүгінген күннен бастап тағайындалады.
61. Зардап шеккен қызметкер қайтыс болған жағдайда оны жерлеуді жүзеге асырған адамға сақтандырушы жерлеуге арналған шығыстарды республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің жүз еселенген мөлшерінде өтейді.

62. Егер осы тарауда көзделген сақтандыру төлемінің (сақтандыру төлемдерінің) және (немесе) жерлеуге арналған шығыстардың мөлшері сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасының мөлшерінен асып кеткен жағдайда, айырма сақтандырушыға сақтанушының есебінен төленеді.
63. Егер сақтандыру төлемінің (сақтандыру төлемдерінің) және жерлеуге арналған шығыстардың, оңалту шараларын жүргізуге арналған шығындардың, шипажалық-курорттық емдеудің сомасын (сомаларын) ескере отырып, алдын алу шараларын жүргізуге арналған шығындар қызметкерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасының мөлшерінен асып кеткен жағдайда, онда алдын алу шараларын жүргізуге арналған шығындар жүзеге асырылмайды.
64. Сақтандыру төлемін аударуға байланысты шығыстар сақтандырушының есебінен жүргізіледі.
65. Сақтанушыға оның алдын алу шараларын жүргізуге жұмсаған нақты шығындарын өтеуді сақтандырушы сақтандыру сыйлықақысын толық көлемде төлеген жағдайда және сақтандыру шартының қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін ғана уәкілетті орган айқындаған тәртіппен сақтандыру сыйлықақысының алты пайызынан аспайтын мөлшерде жүзеге асырады.

10-ТАРАУ. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

66. Сақтандырушыға сақтандыру төлемі туралы талапты сақтанушы немесе пайда алушы болып табылатын өзге тұлға тұрғылықты жері, пайда алушының байланыс телефондары, банк деректемелері (қажет болған жағдайда), сақтандыру төлемін алу тәртібін - қолма-қол ақшамен не банк шотына аудару арқылы екенін көрсетіп, сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттарды қоса бере отырып, жазбаша нысанда ұсынады.
67. Сақтандыру төлемі туралы өтінішке келесі құжаттар қоса беріледі:
 - 1) кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесі белгіленген жағдайда:
 - сақтандыру шартының көшірмесі;
 - жазатайым оқиға туралы акт;
 - зардап шеккен қызметкердің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
 - уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінің кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айырылуды белгілеу туралы анықтамасының көшірмесі;
 - уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінің көмек пен күтімнің қосымша түрлеріне мұқтаждығы туралы анықтамасының көшірмесі;
 - емдеуге нақты жұмсалған шығыстарды растайтын құжаттар (шот-фактура, кассалық чек және басқалар);
 - еңбекке қабілеттілігінен айырылу не оны тағайындаудан бас тарту жағдайы бойынша тағайындалған әлеуметтік төлемнің мөлшері туралы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінің анықтамасының көшірмесі;
 - кәсіптік патология және сараптама саласында мамандандырылған медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымы берген кәсіптік аурудың болуын растайтын құжаттың көшірмесі;
 - зардап шеккен қызметкердің он екі айдан аспайтын жұмыс істеген кезеңі үшін жалақысының мөлшерін растайтын құжаттың жұмыс беруші растаған көшірмесі;
 - 2) қызметкер қайтыс болған жағдайда:
 - сақтандыру шартының көшірмесі;
 - жазатайым оқиға туралы акт;
 - куәліктің көшірмесі немесе қызметкердің қайтыс болғаны туралы хабарлама;

- қызметкер қайтыс болған жағдайда пайда алушының зиянды өтету құқығын растайтын құжаттың нотариат куәландырған көшірмесі;
 - пайда алушының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
 - қайтыс болған қызметкердің он екі айдан аспайтын жұмыс істеген кезеңі үшін жалақысының мөлшерін растайтын құжаттың жұмыс беруші растаған көшірмесі;
- 3) егер бар болса, сақтандыру жағдайы басталған кезде шығындарды болғызбау немесе азайту мақсатында сақтанушының шеккен шығыстарын растайтын құжаттар.
68. Егер «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңында компанияның клиентпен іскерлік қатынастар орнатқаннан және шарт бойынша сақтандыру сыйлықақысын төлегеннен кейін (міндетті сақтандыру шарттарын электрондық тәсілмен жасасқан кезде) клиент пен оның бенефициарлық меншік иесі бойынша мәліметтердің дұрыстығын салыстырып тексеруді жүзеге асыруы көзделген жағдайда, онда клиент (оның өкілі) оларды сәйкестендіру және бенефициарлық меншік иесін анықтау үшін қажетті мәліметтер мен құжаттарды ұсынуға міндетті. Бұл ретте сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы/сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тарту туралы шешім клиент пен оның бенефициарлық меншік иесі бойынша дұрыстығын салыстырып, Ережелердің 67-тармағында көрсетілген құжаттарды ұсынғаннан кейін қабылданады.
- Сақтандырушының сақтанушыдан не пайда алушыдан қосымша басқа құжаттарды талап етуіне жол берілмейді.
- Ережелердің 67-тармағының 1) тармақшасында көзделген құжаттарды сақтандырушыға деректер базасын қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйым қол жеткізуі ұсынылатын мемлекеттік органдардың деректер базаларында және (немесе) ақпараттық жүйелерінде олар электрондық нысанда болған (оларда көрсетілген мәліметтер болған) жағдайда өтініш беруші ұсынбайды.
- Сақтандыру төлемінің мөлшерін есептеу мақсатында сақтандырушы осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген құжаттарды (оларда көрсетілген мәліметтерді) зардап шеккен қызметкердің немесе оның заңды өкілінің жазбаша нысанда келісімі болған және Қазақстан Республикасының Дербес деректер және оларды қорғау және заңмен қорғалатын құпияны қамтитын мәліметтер туралы заңнамасының талаптары сақталған кезде мемлекеттік органдардың деректер базасынан және (немесе) ақпараттық жүйелерінен электрондық нысанда алуға құқылы.
69. Құжаттарды қабылдаған сақтандырушы өтініш беруші ұсынған құжаттардың толық тізбесін және олардың қабылданған күнін көрсете отырып, екі данада анықтама жасауға міндетті. Анықтаманың бір данасы өтініш берушіге беріледі, өтініш берушінің оны алғаны туралы белгісі бар екінші данасы сақтандырушыда қалады.
- Сақтанушы немесе пайда алушы болып табылатын өзге тұлға Ережелердің 67-тармағында көзделген барлық құжаттарды ұсынбаған жағдайда, сақтандырушы үш жұмыс күні ішінде оларды жетіспейтін құжаттар туралы жазбаша хабардар етуге міндетті.
70. Зардап шеккен қызметкер (ол қайтыс болған жағдайда - Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес қызметкердің қайтыс болуына байланысты зиянды өтеу құқығы бар тұлға), сондай-ақ сақтандыру шартында белгіленген сақтандырушының жауапкершілік көлемі шегінде пайда алушыға келтірілген зиянды өтеген және сақтандыру төлеміне құқық алған Сақтанушы немесе өзге тұлға пайда алушы болып табылады.
71. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру кезінде сақтандырушы пайда алушыдан оның сақтандырушыға талап қою құқығын шектейтін шарттарды қабылдауын талап етуге құқылы емес.

72. Сақтанушы сақтандырушыдан сұрау салуды алған сәттен бастап он жұмыс күні ішінде сақтандыру төлемін есептеу, аннуитет шартын жасасу үшін қажетті пайда алушы бойынша құжаттар мен ақпаратты (оның ішінде ұялы байланыстың абоненттік нөмірін және (немесе) электрондық пошта мекенжайын) сақтандырушыға беруге міндетті.

11-ТАРАУ. АННУИТЕТ ШАРТЫН ЖАСАСУ

73. Жұмыскердің кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесі белгіленген не ұзартылған (қайта куәландырылған) не ол қайтыс болған жағдайда жұмыс беруші сақтандырушымен жұмыскердің не Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес жұмыскердің қайтыс болуына байланысты зиянды өтетуге құқығы бар адамның пайдасына осы тараудың және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарын ескере отырып, аннуитет шартын жасасуға міндетті.
74. Аннуитет шарты Ережелердің 67-тармағында көзделген құжаттар ұсынылған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірілмей жасалады.
75. Аннуитет шарты зардап шеккен қызметкердің не қызметкердің қайтыс болуына байланысты зиянды өтетуге құқығы бар адамдардың Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде белгіленген мөлшерде және мерзімдерде табыс алуын қамтамасыз ететін шарттарда жасалады.
76. Аннуитет шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысын пайда алушы төлемейді.
77. Аннуитет шартына қойылатын талаптар және сақтандырушының жасалатын аннуитет шарттары бойынша істі жүргізуге арналған шығыстарының жол берілетін мөлшері қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.

12-ТАРАУ. ЗЕЙНЕТАЛДЫ АННУИТЕТ ШАРТЫН ЖАСАСУ. ЗЕЙНЕТАЛДЫ АННУИТЕТ ШАРТЫ БОЙЫНША САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

78. Қызметкердің зейнеталды аннуитет шарты бойынша сақтандыру төлемдерін алуға өтініші және Қазақстан Республикасы Өлеуметтік кодексінің 195-1-бабының 1-тармағында көзделген шарттар болған кезде сақтанушы қызметкерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде зейнеталды аннуитет шарты бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асыруға әкеп соғатын оқиға туындаған сақтандырушымен пайда алушының пайдасына зейнетақы алдындағы аннуитет шартын жасасуға міндетті.
79. Зейнеталды аннуитет шарты сақтанушы уәкілетті органның ақпараттық жүйесі арқылы зейнеталды аннуитет шарты бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асыруға хабарлама ұсынған күннен бастап жеті жұмыс күнінен кешіктірілмей жасалады.
80. Зейнеталды аннуитет шарты бойынша сақтандыру төлемдері сақтандыру сыйлықақысы сақтандыру тарифі негізінде айқындалған жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру шарты есебінен жүзеге асырылады.
81. Зейнеталды аннуитет шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысын есептеу қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган айқындаған тәртіпке сәйкес жүзеге асырылады.
82. Зейнеталды аннуитет шартына қойылатын талаптарды және сақтандырушының жасалатын зейнеталды аннуитет шарттары бойынша істі жүргізуге арналған шығыстарының жол

- берілетін деңгейін қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган белгілейді.
83. Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің 195-1-бабының 1-тармағында көзделген жағдайлар туындаған кезде қызметкер зейнеталды аннуитет шарты бойынша сақтандыру төлемін алуға құқылы.
84. Зейнеталды аннуитет шарты бойынша сақтандыру төлемі өтініш берілген күннен бастап жүзеге асырылады.
Өтініш пен қажетті құжаттар тіркелген күн немесе «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес проактивті қызмет арқылы зейнеталды аннуитет шарты бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асыруға келісім алған күн зейнетақы алдындағы аннуитет шарты бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асыруға өтініш берген күн болып есептеледі.
85. Зейнеталды аннуитет шарты бойынша сақтандыру төлемінің мөлшері ай сайын республикалық бюджет туралы заңмен тиісті қаржы жылына белгіленген ең төменгі күнкөріс деңгейінің бір шамасын құрайды.
Зейнеталды аннуитет шарты бойынша сақтандыру төлемі республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасының өзгеруін ескере отырып жүзеге асырылады.
86. Зейнеталды аннуитет шарты бойынша сақтандыру төлемі оны алушы Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің 207-бабында белгіленген зейнеткерлік жасқа толғанға дейін жүзеге асырылады.
87. Зейнеталды аннуитет шарты бойынша сақтандыру төлемін ұйымдастыру және жүзеге асыру Мемлекеттік корпорация арқылы жүргізіледі.
88. Зейнеталды аннуитет шарты бойынша сақтандыру төлемін ұйымдастырғаны және жүзеге асырғаны үшін Мемлекеттік корпорацияның қызметтеріне ақы төлеу уәкілетті органның қаражаты есебінен жүргізіледі.
89. Зейнеталды аннуитет шарты бойынша сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру, тоқтата тұру, қайта бастау және тоқтату тәртібін уәкілетті органмен келісім бойынша қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган айқындайды.

13-ТАРАУ. САҚТАНДЫРУШЫНЫ САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДАН БОСАТУ НЕГІЗДЕРІ

90. Сақтандырушы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде көзделген жағдайларда, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 186-бабының 3-тармағында көзделген жағдайлар туындаған кезде сақтандыру төлемінен толық немесе ішінара бас тартуға құқылы.
91. Сақтандыру төлемін жүргізуден бас тарту туралы шешімді сақтандырушы қабылдайды және бас тарту себептерін дәлелді негіздей отырып, сақтанушыға (пайда алушыға) жазбаша нысанда хабарлайды.
92. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүргізуден бас тартуына сақтанушы (пайда алушы) сотқа шағымдана алады.

14-ТАРАУ. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ЖАРАМСЫЗДЫҒЫ

93. Сақтандыру шартын жарамсыз деп танудың негіздері мен салдары Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес айқындалады.

15-ТАРАУ. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

94. **Сақтанушы құқылы:**

- 1) қызметкерді жазатайым оқиғалардан сақтандыру шартын жасасу үшін сақтандырушыны таңдауға;
- 2) сақтандыру жағдайы басталған кезде уәкілетті мемлекеттік органның аумақтық бөлімшесі қызметкерді куәландыру кезінде қатысуға;
- 3) өз құқықтары мен заңды мүдделерін, сондай-ақ пайда алушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін сот тәртібімен қорғауға;
- 4) сақтандырушыдан міндетті сақтандыру талаптарын, сақтандыру шарты бойынша құқықтары мен міндеттерін түсіндіруді талап етуге;
- 5) сақтандыру тәуекелін бағалау үшін тәуелсіз сарапшыны тартуға;
- 6) шарт бойынша міндеттемелерді орындау бойынша дауларды реттеу мақсатында сақтандыру шартынан туындайтын мәселелерді реттеу үшін сақтандырушыға не сақтандыру омбудсманына немесе сотқа жүгінуге;
- 7) «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, өтініш пен қоса беріліп отырған құжаттарды сақтандыру омбудсманына (тікелей сақтандыру омбудсманына, оның ішінде оның интернет-ресурсы арқылы не сақтандырушы арқылы, оның ішінде оның филиалы, өкілдігі, өзге де оқшауланған құрылымдық бөлімшесі, интернет-ресурсы арқылы) жіберуге;
- 8) уәкілетті орган айқындаған тәртіппен алдын алу шараларын және (немесе) оңалту шараларын жүргізуге арналған шығындардың өтелуіне құқылы.

95. **Сақтанушы міндетті:**

- 1) қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган бекіткен қызметкерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандырудың үлгілік шартына сәйкес сақтандырушымен қызметкерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру шартын жасасуға;
- 2) сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде сақтандыру сыйлықақысын төлеуге және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оның сақтандыру жөніндегі барлық құжаттарының сақталуын қамтамасыз етуге;
- 3) қызметкердің (қызметкерлердің) кәсіптік тәуекел сыныбы өзгерген сәттен бастап он жұмыс күні ішінде бұл туралы сақтандырушыға хабарлауға;
- 4) сақтандыру жағдайларының алдын алуға бағытталған іс-шараларды жүзеге асыруға;
- 5) жазатайым оқиғаның басталғаны туралы өзіне белгілі болғандай, дереу, бірақ үш жұмыс күнінен кешіктірмей бұл туралы сақтандырушыға хабарлауға;
- 6) уәкілетті орган өкілдерінің және сақтандырушының міндетті түрде қатысуымен сақтандыру жағдайларының туындау мән-жайларын тергеп-тексеруді қамтамасыз етуге;
- 7) сақтандыру жағдайының басталуын, сондай-ақ ол келтірген залалдарды дәлелдеуге;
- 8) сақтандырушыға шартта белгіленген мерзімде сақтандыру төлемін есептеу, аннуитет шартын жасасу үшін қажетті пайда алушы бойынша құжаттар мен ақпаратты (оның ішінде ұялы байланыстың абоненттік нөмірін және (немесе) электрондық пошта мекенжайын) беруге;

- 9) сақтандырушыға Ережелердің 67-тармағында көзделген құжаттарды ұсынуға;
- 10) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметкерлерді міндетті медициналық қарап-тексерулердің уақтылы жүргізілуін қамтамасыз етуге;
- 11) сақтандыру жағдайларының алдындағы қызметкерлердің еңбек жағдайлары туралы құжаттарды уәкілетті органға және денсаулық сақтау ұйымдарына ұсынуға;
- 12) қызметкерлерді өндірістен қол үзбей еңбектің қауіпсіз әдістері мен тәсілдеріне оқытуға;
- 13) жазатайым оқиғалардың алдын алу, ескерту және тергеп-тексеру мәселелері жөніндегі уәкілетті органның шешімдерін орындауға;
- 14) сақтандырушыға өзінің қайта ұйымдастырылғаны немесе таратылғаны туралы уақтылы хабарлауға;
- 15) сақтандыру жағдайынан туындайтын шығындарды азайту шараларын қолдануға;
- 16) сақтандыру жағдайының басталуына жауапты тұлғаға талап ету құқығының сақтандырушыға өтуін қамтамасыз етуге;
- 17) сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасы шегінде Заңда көзделген жағдайларда қызметкердің немесе қызметкердің қайтыс болуына байланысты зиянды өтетуге құқығы бар адамның пайдасына аннуитет шартын жасасуға;
- 18) Ережелердің 12-тарауына сәйкес зиянды еңбек жағдайлары бар жұмыстарда жұмыс істейтін қызметкердің пайдасына зейнеталды аннуитет шартын жасасуға және еңбекті қорғау және қауіпсіздік жөніндегі ақпараттық жүйеге мәліметтер енгізуге;
- 19) аннуитет шарты жасалған күннен бастап он жұмыс күні ішінде оның пайдасына аннуитет шарты жасалған пайда алушыға оның көшірмесін ұсынуға;
- 20) зейнеталды аннуитет шарты жасалған күннен бастап он жұмыс күні ішінде оның пайдасына зейнеталды аннуитет шарты жасалған пайда алушыға оның көшірмесін ұсынуға міндетті.
- 21) сақтандыру шартында сақтанушының Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне қайшы келмейтін басқа да құқықтары мен міндеттері көзделуі мүмкін.

96. Сақтандырушы құқылы:

- 1) сақтандыру жағдайларын тергеп-тексеруге қатысуға;
- 2) уәкілетті мемлекеттік органның аумақтық бөлімшесі қызметкерді куәландыру кезінде қатысуға;
- 3) штат кестесіне немесе сақтанушы ұсынатын және (немесе) сақтандырушы сұрататын өзге де ақпаратқа сәйкес экономикалық қызмет түрлерінің кәсіптік тәуекел сыныптарына жатқызылуының сәйкестігін тексеруге;
- 4) сақтандыру жағдайлары бойынша ақпаратты тексеруге және қажет болған жағдайда тиісті уәкілетті органдарға сұрау салулар жіберуге;
- 5) сақтандыру тәуекелін бағалау үшін сақтанушының объектілеріне тексеру жүргізуге;
- 6) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде, Қазақстан Республикасының Өлеуметтік кодексінде және осы Заңда көзделген жағдайларда сақтандыру төлемінен бас тартуға;
- 7) сақтандыру жағдайларының алдын алу бойынша ұсынымдар беруге;
- 8) сақтандыру тәуекелін бағалау үшін тәуелсіз сарапшыны тартуға;
- 9) зиян келтірген адамға кері талап қоюға;
- 10) сақтанушыдан Ережелердің 67-тармағында көзделген құжаттарды талап етуге құқылы.

97. Сақтандырушы міндетті:

- 1) сақтанушыны сақтандыру шартының талаптарымен таныстыруға және оның сақтандыру шартынан туындайтын құқықтары мен міндеттерін түсіндіруге;

- 2) сақтандыру жағдайы басталған кезде осы Ережелерге, қолданыстағы заңнамаға және сақтандыру шартына сәйкес сақтандыру төлемін және жерлеуге арналған шығыстарды өтеуді жүргізуге;
- 3) өз қызметі нәтижесінде алынған сақтанушы және пайда алушы туралы мәліметтердің құпиялылығын қамтамасыз етуге;
- 4) сақтандыру төлемінен бас тарту туралы шешім қабылданған жағдайда пайда алушыға өтінішті және осы Ережелердің 67-тармағында көзделген барлық құжаттарды алған күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде жазбаша нысанда бас тарту себептерінің дәлелді негіздемесін және сақтанушының (пайда алушының) Қазақстан Республикасы заңнамасының ерекшеліктерін ескере отырып, келіспеушіліктерді реттеу үшін сақтандыру омбудсманьна жүгіну құқығы туралы хабарламаны жіберуге;
- 5) сақтанушыға сақтандыру жағдайы кезінде шығындарды азайту үшін жұмсаған шығыстарын өтеуге;
- 6) осы Ережелердің 9-тарауында көзделген сақтандыру төлемдерін уақтылы жүзеге асырмаған кезде пайда алушыға мерзімі өткен әрбір күн үшін төленбеген соманың 1,5 пайызы мөлшерінде өсімпұл төлеуге;
- 7) сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасы шегінде осы Ережелерде көзделген жағдайларда қызметкердің қайтыс болуына байланысты зиянды өтетуге құқығы бар қызметкердің немесе адамның пайдасына сақтанушымен аннуитет шартын жасасуға;
- 8) аннуитет шарты жасалған күннен кейін жиырма жұмыс күні ішінде пайда алушыны (оның заңды өкілін) оның пайдасына жасалған аннуитет шарты туралы хабардар етуге;
- 9) сақтанушыдан (пайда алушыдан) өтініш (дауды реттеу туралы сұрау салу) алған кезде сақтанушының (пайда алушының) талаптарын қарауға және өтінішті алған сәттен бастап бес жұмыс күні ішінде дауды одан әрі реттеу тәртібін көрсете отырып, жазбаша жауап беруге;
- 10) сақтанушыдан (пайда алушыдан) сақтандыру омбудсманьна жіберілетін өтінішті (дауды реттеу туралы өтінішті) алған кезде осы өтінішті, сондай-ақ қажетті құжаттарды сақтандыру омбудсманьна өтінішті алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде қайта жолдауға;
- 11) сақтандыру шартында сақтандырушының Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне қайшы келмейтін басқа да құқықтары мен міндеттері көзделуі мүмкін.
- 12) сақтандыру шарты бойынша сақтандыру қорғанысының қолданылу кезеңінде басталған сақтандыру жағдайы (сақтандыру жағдайы ретінде қаралатын оқиға) туралы хабарлау кезінде оны дереу тіркеуге және осы сақтандыру жағдайы (сақтандыру жағдайы ретінде қаралатын оқиға) бойынша мәліметтерді қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актіге сәйкес дерекқорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйымға ұсынуға;
- 13) Қазақстан Республикасы Өлеуметтік кодексінің 195-1-бабының 1-тармағында көзделген жағдайлар туындаған кезде жасалған зейнеталды аннуитет шартына және осы Заңға сәйкес ай сайын зейнеталды аннуитет шарты бойынша сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға;
- 14) сақтанушыға сақтандыру шартының қолданылу мерзімі аяқталған күнге есептелген сақтандыру сыйлықақысының алты пайызынан аспайтын мөлшерде алдын алу шараларын жүргізуге арналған шығындарды өтеуге;

- 15) сақтанушыға және (немесе) пайда алушыға сақтандыру шартының қолданылу мерзімі аяқталған күнге есептелген сақтандыру сыйлықақысының алты пайызынан аспайтын мөлшерде оңалту шараларын жүргізуге жұмсалған шығындарды өтеуге;
- 16) Ережелердің 12-тарауына сәйкес зейнеталды аннуитет шарты бойынша сақтандыру төлемдерін алуға құқығы бар қызметкердің пайдасына зейнеталды аннуитет шартын жасасуға міндетті.

98. Пайда алушы құқылы:

- 1) осы Ережелерде, қолданыстағы заңнамада және сақтандыру шартында белгіленген тәртіппен және шарттарда сақтандыру төлемін алуға;
- 2) сақтанушыдан және сақтандырушыдан қызметкерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру шарттары туралы ақпаратты, сондай-ақ оның пайдасына жасалған аннуитет және зейнеталды аннуитет шарттарының көшірмелерін тегін алуға;
- 3) сақтандыру жағдайын тергеп-тексеру мәселелері жөніндегі шешімдерге уәкілетті органға немесе сотқа шағымдануға;
- 4) медициналық-әлеуметтік сараптама мәселелері бойынша уәкілетті органның аумақтық бөлімшесіне жүгінуге;
- 5) сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабарлауға;
- 6) сақтандыру жағдайын тергеп-тексеруге, оның ішінде жұмыскерлер өкілдерінің не өзінің сенім білдірілген адамының қатысуымен қатысуға;
- 7) Ережелердің 16-тарауында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, сақтандырушыға не сақтандыру омбудсманына сақтандыру шартынан туындайтын мәселелерді реттеу үшін еңбек инспекциясы жөніндегі жергілікті органға, уәкілетті органға немесе сотқа жүгінуге;
- 8) «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, шарттан туындаған дауларды реттеу туралы өтініш пен қажетті құжаттарды сақтандыру омбудсманына (тікелей сақтандыру омбудсманына, оның ішінде оның интернет-ресурсы арқылы не сақтандырушы арқылы, оның ішінде оның филиалы, өкілдігі, өзге де оқшауланған құрылымдық бөлімшесі, интернет-ресурсы арқылы) жолдауға;
- 9) Республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің жүз еселенген мөлшерінен аспайтын мөлшерде Ережелердің 59-тармағына сәйкес оңалту шараларын жүргізуге жұмсалған шығындарды және шипажайлық-курорттық емделуге жұмсалған шығыстардың орнын толтыруға құқылы.

16-ТАРАУ. ДАУЛАРДЫ РЕТТЕУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

99. Шарт бойынша Сақтандырушы мен Сақтанушы (пайда алушы) арасында туындайтын дауларды тараптар тікелей келіссөздер арқылы қарастырады.
100. Тараптар арасында келісімге қол жеткізілмеген кезде дау Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешіледі.
101. Сақтандыру шартынан туындайтын дау болған кезде Сақтанушы (пайда алушы):
 - 1) сақтандырушыға (оның ішінде сақтандырушының филиалы, өкілдігі, интернет-ресурстары арқылы) талаптарды көрсете отырып және оның талаптарын растайтын құжаттарды қоса бере отырып, жазбаша өтініш жіберуге не өтінішті сақтандыру омбудсманына жіберуге (тікелей сақтандыру омбудсменіне, оның ішінде оның интернет-ресурсы арқылы не сақтандырушы арқылы, оның ішінде оның филиалы, өкілдігі, өзге де оқшауланған құрылымдық бөлімшесі, интернет-ресурсы арқылы);

- 2) «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, қызметкерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру шартынан туындайтын дауларды реттеу үшін сотқа жүгінуге құқылы.
102. Сақтандырушы сақтанушыдан (пайда алушыдан) өтініш алған кезде бес жұмыс күні ішінде қарастырады және дауды одан әрі реттеу тәртібін көрсете отырып, жазбаша жауап береді.
103. Сақтанушы (пайда алушы) сақтандыру омбудсманына жүгінген жағдайда Сақтандырушы Сақтанушының (пайда алушының), сақтандыру омбудсманының сұрау салуы бойынша тиісті сұрау салуды алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде дауды қарауға жататын құжаттарды ұсынуға міндетті.

17-ТАРАУ. ҚОСЫМША ЕРЕЖЕЛЕР

104. Сақтанушы мен Сақтандырушы арасындағы келісім бойынша осы Ережелердің негізінде осы Ережелердің жекелеген ережелерін өзгертуді, алып тастауды, сондай-ақ Келісім жасасу кезінде айқындалатын қосымша талаптарды көздейтін сақтандыру шарттары жасалуы мүмкін.
105. Осы Ережелермен реттелмегеннің барлығы қолданыстағы заңнамамен және сақтандыру шартымен реттеледі.